

6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі» (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде) атты диссертациясына

ПІКІР

Ономастика ғылымы аясында зерттелетін – топонимдер, талай ғасыр бойы этноспен бірге жасап келе жаткан тілдік бірліктер. Олар – қоғамның дамуы, өзгеруі сиякты құбылыстарды бастаң кешіріп, әр дәуірдің қуәгерлері ретінде өмір сүріп келе жаткан жәдігерлер. Сондай-ақ, жер-су атаулары – ұлттық тіл байлығымыздың және мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің, ғалам туралы таным-түсініктеріміздің де көрсеткіші. Сондыктан жер-су атауларын, атап айтқанда, белгілі бір аймактың топжүйесін тілдік тұрғыдан зерттеу тақырыптың өзектілігін танытады.

Диссидентант Г.Ахметованың «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі» (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде) атты дайындалған диссертациялық жұмысы Абай облысына қарасты Абай ауданы және оған шекаралас жаткан Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округиң жер-су атауларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеп, ономастикалық кеңістігін қалыптастыру мақсатын алға қоя отырып, бүгінгі тіл білімі топонимиялық жүйесіндегі аймақ топонимдеріне жан-жақты тілдік талдау мәселелеріне арналған.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты айқын, сол мақсаттың орындалуына негіз болатын алға қойған міндеттері накты, тұжырымдары түйінді жасалған. Жұмыс «Жер-су атауларының ономастикалық кеңістіктең теориялық негіздемесі, «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық интерпретациясы», «Абай облысы жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері» атты негізгі З тараудан тұрады. Тараулар өз ішінде бірнеше тараушалармен бөлініп берілген.

Қалыптаскан ғылыми-теориялық тұжырымдар тіл білімінің тіл теориясы, ономастика және сөзжасам салаларын теориялық тұрғыдан байыта түседі. Ономастикалық және сөзжасамдық мәселелерді шешуге жолнұсқау бола алады.

Г.Ахметованың диссертациялық жұмысының практикалық мәнділігі де жоғары. Себебі зерттеу барысындағы ғылыми ізденістің нәтижелері топонимжасам мәселелеріне, қазақ топонимиясының толық сөздігін жасауға, топонимикалық атлас жасауға, мемлекеттік әртүрлі карталар түзуге септігін тигері сөзсіз. Қол жеткен ғылыми нәтижелер тіл білімінің лексикология және сөзжасам салаларындағы зерттеулерге де жол ашады.

Жер-су атауларын зерттеу аудан тарихы мен мәдениетінің рухани қалыптасуын, ұлтжандылыққа деген құндылықтар рөлін жанаша ұғынуға мүмкіндік береді. Топонимиканы зерттеу кіші Отанымыздың жеке

сипаттарын нығайтуға, туған өлкеге деген махабатты насиҳаттауға ықпал етеді. Топожүйенің ономастикалық базасында қазақ этносына қатысты өте бай ғылыми ақпарат жинақталған. Топонимдік атаулар қарапайым халықтың күнделікті тұрмысының, тарихи әлеуметтік, лингво-мәдени аспектілерінің бейнесіретінде танылады.

Ұзынылып отырған Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі» (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде) атты диссертациясы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу алуға лайықты деп есептеймін.

А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері
ф.ғ.д, профессор



Б.Момынова

(074-994)
«А. Байтұржанов атындағы
Тіл білімі институты» РМК
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ,
ҚҰЖАТТАМАМЕҢ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ ЖЕҢЕ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІНІН ЖЕТЕКШІСІ
20. 02. 2023 ж.